

8D01721 (6D011700) – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Тулбаева Айдынул Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); <b>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі</b>	«Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес: - Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.

	<p><b><u>жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></b></p>	
<p>2. Ғылым үшін маңыздылығы</p>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b><u>қосады</u></b>/қоспайды, ал оның маңыздылығы <b><u>ашылған</u></b>/ашылмаған.</p>	<p>Сыр сүлейлерінің шығармалары – халық дүниетанымының, тарихы мен мәдениетінің шешен шежіресі. Әдебиет пен өнерді тоғыстырған ғажайып дәстүрге ие сүлейлер мұрасы әлі де талай ұрпақтың жан азығына айналары хақ. Сөз зергерлерінің жыр толғауларындағы адам болмысына, кемелденуіне қажетті кесек ойлар бүгінгі таныммыздың тұнық болуына ғибрат.</p> <p>Кешегі кеңестік жүйенің салқын саясаты Сыр сүлейлерінің шығармаларын да айналып өтпегені анық. Олардың туындылары түрлі идеологиялық желеумен зерттеу нысанына іліне қоймады. Сондықтан да Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеу еңбектер жыр дүлдүлдерінің бұрын халыққа кеңінен насихатталуына мүмкіндік болмаған шығармашылық қырларына арналуда. Бұл – өте құптарлық дүние. Бүгінге дейін Базар, Тұрмағамбет, Қарасақал Ерімбет, Нұртуған, Қаңлы Жүсіп, Шораяқтың Омары т.б. ақын-жыраулар туралы ғылыми еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалды.</p> <p>Төлтума сипаттары қанық әдеби мұрамызды зерттеу, ұлттың ар-ұяты мен адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі айтылған ой өзегін түсіну, ұрпақ тәрбиесінде жүзеге асыру қашанда өзекті. Жыр жампоздары бұл тақырыптарды терең философиялық тұжырымдармен түйіндеді. Тамырын халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, ежелгі және орта ғасырлардағы әдеби жәдігерлерден алатын Сыр бойы ақын-жырауларының поэзиясындағы философиялық тұжырымдарды, педагогикалық көзқарастарды зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосады деп есептеймін. Осы мәселелерді арнайы зерттеу нысанына айналдырған диссертациялық жұмыстың маңыздылығы ғылыми негізде толықтай ашылған.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу деңгейі: 1) <b><u>жоғары</u></b>; 2) орташа;</p>	<p>Өзі жазу принципі бойынша деңгейі – жоғары. Диссертациялық жұмыста академиялық жазу қағидаларының талаптары қағаз сақталған, ғылыми аппараты</p>

		<p>3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>дұрыс құрылған. Диссертанттың жазу стилі қалыптасқан. Деректерді саралау, жинақтау, түйіндеуі нақты. Ізденуші тақырып аясында үлкен ізденіс жасаған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Зерттеу тақырыбы бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселеге арналған. Диссертацияда Бұдабай Қабылұлы, Тұрымбет Салқынбайұлы, Ерімбет Көлдейбекұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Жүсіп Еш尼亚зов т.б. шығармаларындағы философиялық дүниетаным, педагогикалық көзқарастар, ой-тұжырымдарының эстетикалық аспектілері және көркемдік сипаты нақты мысалдармен талданған. Сонымен бірге жұмыста Сыр бойы ақын-жырауларының шығармаларын ЖОО оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерінің өзектілігі айқындалған. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыста ішкі бірлік принципі сақталған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <b>айқындалды;</b> 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу құрылымдық тұтастығымен және бірізділігімен сипатталады. Тақырып пен жұмыс мазмұнында жүйелі байланыс бар. Тараулар мен тараушаларда баяндалған тұжырымдарда тақырып жан-жақты ашылған. Жұмысты жазу барысында диссертанттың көптеген деректерге жүгінгені аңғарылады. Бірінші тарауда Сыр бойындағы сөз зергерлері шығармашылығының тарихи және рухани негіздері сараланса, келесі тарауда Сыр сүлейлерінің поэзиясындағы философиялық, педагогикалық ойлардың эстетикалық аспектілері эпикалық шығармалары арқылы қамтылған. Ақын-жыраулар поэзиясының көркемдік сипатына қатысты тың тұжырымдар жасалған. Жұмыстың үшінші тарауында Сыр сүлейлерінің шығармаларын ЖОО-да оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері зерделенген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <b>сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері нақты белгіленген, тақырыбына сәйкес келеді. Сыр сүлейлерінің туындыларындағы философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастарды зерделеу жұмыстың негізгі мақсаты ретінде айқындалған. Осы мақсатқа жету үшін: сөз зергерлерінің шығармаларындағы философиялық және педагогикалық көзқарастарды зерделеп, қазақ ойшылдарының ағартушылық идеяларымен үндестігін саралау; шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытудың ғылыми-теориялық және</p>

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толық байланысқан;</b></li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol>	<p>әдіснамалық негіздерін айқындау; тиімді әдістерін жүйелеу; элективті курс бағдарламасын жасау және т.б. міндеттер қойылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес жүйеленген. Жұмыс кіріспеден, тараушаларға бөлінген негізгі үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.</p> <p>Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, дереккөздері, зерттеу әдістері көрсетілген.</p> <p>Тараулар мен тараушаларда баяндалған тұжырымдар диссертация жұмысының толық аяқталған, ғылыми нәтижелері бар еңбек екендігін дәлелдейді. Диссертацияның барлық тараулары мен құрылысы жүйелі, логикалық байланыс толық сақталған. Әр тараудың соңында қорытынды жасалған. Жұмыстың негізгі тұжырымдары қорытынды бөлімінде баяндалған.</p>
<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</li> <li>1) <b>сыни талдау бар;</b></li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер (қағидағар, әдістер) ғылыми негізде дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған сыни талдаулар бар. Диссертант Ө.Күмісбаев, Ұ.Жанбершиева, Қ.Абдразақов, Ғ.Тұяқбаев, С.Қосанов, Б.Жүсіпов, Ұ.Байбосынова, М.Қаржауов, Қ.Мәмбетов, А.Оңғарбаев, Д.Сағтемирова, Е.Карбозов, т.б. ғалымдардың Сыр бойы ақын-жырауларының әдеби мұрасына қатысты зерттеулерін өз тақырыбының аясында одан әрі дамытып, талдау жасаған. Бұл мәселеге қатысты «Аталған зерттеу еңбектерінде Сыр бойы ақын-жырауларының әдеби мұралары тақырыптық, жанрлық тұрғыдан жіктеліп, стильдік ерекшеліктері айқындалды. Сыр бойындағы ақындық ортаға тән шығыстық дәстүр, діни-ағартушылық сарын т.б. мәселелер зерделенді. Бірақ бұл Сыр сүлейлері шығармашылығы толыққанды зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Сыр өңірі ақын-жыраулары шығармаларының басты сипаты ретінде көрінетін философиялық дүниетаным мен педагогикалық көзқарастары осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келді», – деп пікір білдіреді. Сонымен бірге философия, педагогика саласындағы еңбектерде Сыр сүлейлеріне көп назар аударылмағанына тоқталған.</p>
	<ol style="list-style-type: none"> <li>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</li> <li>1) <b>толығымен жаңа;</b></li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> </ol>	<p>Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен қағидағар толығымен жаңа. Жұмыста Сыр сүлейлерінің философиялық дүниетанымы алғаш рет жеке зерттеу нысаны ретінде талданған; ақын-жыраулар поэзиясындағы философиялық ой-танымның ұлттық философиядан бастау алғаны зерделенді; ұлттың рухани</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>құндылықтары Сыр сүлейлерінің жыр-термелеріндегі ой мәйегі мен мақамдары, жыр мектептері арқылы жеткендігі зерделенді; осы өңірде ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің қатар дамып, бір арнада тоғысқаны нақты мысалдармен дәлелденген; Сыр сүлейлерінің дидактикалық өлеңдеріндегі педагогикалық көзқарастар қазақ ағартушыларының идеяларымен үндестікте зерделенді; ақын-жыраулардың мұрасын оқытудың білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытып, ұлттық құндылықтарды сақтай білуге үйрететіндігі сараланды; тәжірибелік-эксперименттік жұмыста «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» элективті курсының тиімділігі дәлелденді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері мен қорытындылары толығымен жаңа. Қорытындыда Сыр сүлейлерінің философиялық дүниетанымы, педагогикалық көзқарастары, шығармаларын жоғары оқу орнында оқыту мәселелері ғылыми негізде тұжырымдалған.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Диссертацияның ғылыми-практикалық нәтижелерін білім беру үдерісінде, зерттеулерде пайдалануға болады деп есептеймін.</p>
<p>6.</p>	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар</p>	<p>Qualitative research ұстанымдары тұрғысынан диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейін жақсы деп бағалауға болады. Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Қанды Жүсіп, Кете Жүсіп, дүр Оңғар, Шораяқтың Омары, Сарыбай Құлназарұлы т.б. Сыр сүлейлерінің шығармалары зерттеу нысанына алынып, негізгі дәйектемелер ретінде ұсынылған. Диссертанттың жасаған тұжырымдары бұған дәлел болады. Зерттеу жұмысында Сыр сүлейлерінің мақал-мәтелдерде түйінделген философиялық ойларды өлеңмен өрнектеп жеткізгені нақты мысалдармен талданған. Өмірдің мәнін ислам</p>

	<p>бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>негіздерімен сабақтастырған жыр жампоздарының философиялық дүниетанымы, гуманистік идеялары сараланған. Орта ғасырлардағы ислами әдебиеттегі ой-тұжырымдар Сыр сұлейлерінің шығармаларында дәстүрлі жалғастық тапты. Автор Сыр сұлейлерінің поэзиясындағы мадақ, мінежат, ғазал жанрларының діни философиямен байланысты екенін ағап көрсетеді.</p> <p>Диссертант әдебиет пен педагогиканың нысанын бір арнада тоғыстыра отырып, Сыр бойы акын-жыраулары шығармаларының жас ұрпақты тәрбиелеудегі орнын жан-жақты талдап ашқан. Шығармашылық тұлғалардың туындыларын оқу үдерісінде жүзеге асырудың тиімділігін саралай келе: «Ұлттық рухани құндылықтарға адалдық – Сыр бойындағы ақындық ортаның, оның негізін қалаушы акын-жыраулар шығармашылығының ажырамас бөлігі болды. Олар халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ұлттық ерекшеліктерін жырға қосып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің ұлы миссиясын атқарды. Мұнда эстетикалық талғам тек поэзияның сыртқы пішінінде ғана емес, оның мазмұнында да көрініс тапты. Жыраулар үшін сұлулық – тек табиғат немесе адам келбетінің көркі ғана емес, рухани кемелдіктің көрсеткіші болды», – деп пайымдайды. Қорытынды бөлімінде жасалған түйіндер зерттеу жұмысының толық аяқталған, ғылыми нәтижелері бар еңбек екендігіне дәлел бола алады. Тақырыпты ашу бағытында қолданған әдістері ізденушінің алдына қойған мақсатына толық жетуіне септігін тигізген.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Өрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>Сыр бойы акын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным ұлттық философиядан бастау алған.</p> <p>7.1. Диссертациялық жұмыста қағидағ дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3. Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидағ жаңа.</p> <p>7.4. Диссертацияда қағидағтарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Сыр сұлейлері өз шығармаларында білімді ұлт қалыптастырудың педагогикалық жолдарын көрсетті.</p> <p>7.1. Диссертациялық жұмыста қағидағ дәлелденген.</p> <p>7.2. Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p>

	<p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағида жаңа.</p> <p>7.4. Диссертацияда қағидағтарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Мақалада дәлелденген.</p> <p>Сыр бойы акын-жырауларының шығармашылығын ЖОО-да оқыту болашақ филологтар мен педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсерін тигізеді;</p> <p>7.1.Диссертациялық жұмыста қағида дәлелденген.</p> <p>7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағида жаңа.</p> <p>7.4.Диссертацияда қағидағтарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5.Мақалада дәлелденген.</p> <p>Сыр бойы акын-жырауларының шығармашылығын ЖОО-да оқыту білім алушыларға ұлттық рухани құндылықтарды қадірлей білуге үйретеді.</p> <p>7.1.Диссертациялық жұмыста қағидағтар дәлелденген.</p> <p>7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидағтар жаңа.</p> <p>7.4.Диссертацияда қағидағтарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5.Мақалада дәлелденген.</p> <p>Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің тізгінін тең ұстаған Сыр сүлейлері осы өңірге тән поэтикалық ерекшеліктерімен дараланған әдеби мектеп, ақындық орта қалыптастырды.</p> <p>7.1.Диссертациялық жұмыста қағида дәлелденген.</p> <p>7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес.</p> <p>7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағида жаңа.</p> <p>7.4.Диссертацияда қағидағтарды қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5.Мақалада дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p>	<p>Сыр бойы акын-жыраулар поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастарды зерттеу барысында XIX ғ.-XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінің зерттелу тарихы, даму бағыттары назарға алынған. Автор диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін дұрыс жүйелеген.</p>

<p>ақпараттын дәйектілігі</p>	<p>1) <b>иә;</b> 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>иә;</b> 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <b>иә;</b> 2) жоқ.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Жұмыстың ғылыми аппараты таласқа сай. Осы уақытқа дейін жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеулері қамтылған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Зерттеу нәтижелері негізінде «Сыр өңірінің ақындық дәстүрі» пәнінің (4 кредит) оқу-әдістемелік кешені, технологиялық картасы дайындалып, 2019-2020 оқу жылы элективтік пән ретінде оқу үдерісіне енгізілген (Негіздеме: 4.04.2022 жылы зерттеу жұмысын оқу үдерісіне енгізу актісі). Серіктес авторлармен бірге (Г.Оралова, Ұ.Жанбершиева) «Сыр сұлейлері шығармаларындағы діни-ағартушылық идея» атты еңбегі жарық көрген. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертант осы уақытқа дейін жазылған ғылыми тұжырымдарды, пікірлерді жан-жақты зерделеген. Ойын тиянақты жеткізу үшін ақын-жыраулардың шығармашылығына және оқу жүйесіне қатысты теориялық-әдіснамалық еңбектерді басшылыққа алған. Жұмыстың дереккөздері ретінде Тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген тың материалдар да қамтылған.</p>
-------------------------------	---	--

9	Практикалық құндылық қағидаты	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер саны – 161. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <b>бар;</b></p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма?</p> <p>1) <b>толығымен жана;</b></p> <p>2) ішінара жана (25-75% жаңа);</p> <p>3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Жұмыс нәтижелерін XIX-XX ғасырдағы ұлттық әдебиетіміздің даму бағыттарына, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне арналған ғылыми еңбектерде қолдануға болады. Осы саладағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.</p> <p>Зерттеу нәтижелерін «XIX ғасыр қазақ әдебиеті», «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Сыр өңіріндегі ақындық дәстүр» сынды негізгі және арнаулы курстарда, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Сонымен бірге тәрбие сағаттарында, философия саласында оқитын білім алушыларға, жыршылық дәстүрге қатысты сабақтарда т.б. қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Тәжірибелік ұсыныстары толығымен жана.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен ресімдеу талаптарына сәйкес келеді. Тулубаева Айдынул Гойбазаровның 8D01721 (6D011700) – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған зерттеу жұмысында ҚР ҒЖБМ талаптары сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кей жерлерінде техникалық қателіктер кездеседі. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі кейбір еңбектер талашқа сай ресімделінбеген. Алайда, бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймын.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы		Зерттеу барысында Скопус (Scopus) мәліметтер базасына енгізілген журналдарда – 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 13

<p>бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>мақала, халықаралық конференцияларда – 5 мақала және 1 оқу-әдістемелік көмекші құрал жарық көрген.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>8D01721 (6D011700) – Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Тулебаева Айдынгул Тойбазаровнаның «Сыр бойы ақын-жыраулары поэзиясындағы философиялық дүниетаным және педагогикалық көзқарастар» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

**Рецензент:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**  
**қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының**  
**аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты**



**Дарибаев Самалбай Дарибаевич**



**РАСТАЙЫМЫН**  
 әл-Фараби атындағы Қазақ Ғылыми кадрларды  
 даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы  
**ЗАВЕРЯЮ**  
 Начальник управления подготовки и аттестации  
 научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
*Дарбаев Самалбай*  
 « 19 » 12 2024 ж.г.